



ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Музыкалық бейнекөріністер. Қисыны
келмеген сөз – қисық қаланған
кірпіш



I.

Армысыздар. Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістерімізді одан әрі сабақтаймыз. Бұл жолы біз музыкалық бейнекөріністер, яғни клиптер туралы шеберлік сабағын бермекпіз. Ал дәрістің екінші отандық бөлігінде біздің ақпарат құралдарындағы қалам ұстаған қауымның кезекті қате жіберетін тұстарына назар аудартамыз. Ол тілшілердің зат пен құбылысқа қатысты сөздерді, әсіресе етістікті жиі шатастыратыны жайында болмақ.

Музыкалық телевизиялық желілер кабельдік пакеттен орын алу үшін өзара бәсекеге түскелі біраз уақыт өтті. Радиодағы сияқты жекелеген музыкалық арналар да жанр бойынша мамандана бастады. Олар қазір джаз, рок, поп, рэп, металл және басқасы болып бөлінеді. Сөйтіп тек музыка сүйетіндер арасындағы белгілі бір топқа ғана арналған өнімдер ұсынады. Бәрібір радио стансалар мен телеарналардың көпшілігі өз эфирінде әлгілердің бәрін араластырып ұсынады.

Музыкалық өнімнің ортақ аты клип. О шығарманың үстіне қойылған бейне немесе кино үзік қана. Кейде бейне көріністердің орнына анимацияны да сала береді.

Клип не үшін түсіріледі? Бұған Роберт Хиллиард мырза бірнеше жауапты қосып ұсынады. Біріншіден, бұл музыкалық стилдің белгісі. Екіншіден өлеңдегі мазмұнды бейнекөрініспен айшықтап отыру. Үшіншіден оны көрсететін телеарнаның рейтингін арттыру. Төртіншіден клипті орындаушының танымалдығына қол жеткізу.

Әдетте бейнеклипте сюжеттік желі болады. Ол әнде баяндалатын нақты оқиғаны өзек етеді. Кейде клипке фильмдерден үзінді алынуы да ғажап емес. Бұл көбінесе сол толық метражды фильмді насихаттайтын саундтректен көрініс табады. Клипті әдетте телевидение мен интернет арқылы көрсету үшін түсіреді.

Телевидениенің шарықтау кезінде клиптер орындаушылар мен әртістерді танымал ету құралы болды. Осылайша алғашқы хит-парадтар дүниеге келді. Оны сонау 1964 жылы БиБиСи телеарнасы жүзеге асырды. Музыкалық клиптердің телеарналарда жаппай ұсынылған кезін зерттеушілер 1975 жылдан бастайды.

Ал 1981 жылы ашылған ЭМТИВИ арнасы бейнеклиптерге айқара есік ашты. Осы кезден бастап клип түсіру индустриясы дамыды.

Егер сіз бейнеклипке сценарий жазар болсаңыз, алдымен мынаны ойлаңыз дейді өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында Роберт Хиллиард мырза. Әндегі мазмұнды қандай бейнекөрініс одан әрі байыта түседі. Міне осы сұрақтың жаубы табылған кезде бейнеклип сәтті шықпақшы.

Мұнда әрбір қдар, сюжеттік желі, әсерлі графикалық безендіру музыкамен және оны орындаушымен астасып келуі керек.

Клип сценарийін жазбас бұрын әлгі музыкалық шығарманы әлденеше рет тыңдайсыз. Оның мәні неде? Клипті сол мәнмен астастыру, тіпті оны әрі қарай дамыту керек.

Әннің өзінде драмалық желі болса жақсы. Ол драма шығарманың қай тұсында анық сезіледі екен. Міне клиптің сценарийін жазар алдында осылардың алдымен суретін сызып, сұлбасын түсіріп алмай болмайды.

Клиптің сценарийінде бір сәттің бірнеше жақтан, бұрыштан, жоғары мен төменнен түсірілетінін көрсетіп қойған маңызды. Өйткені кейде бір-екі ракурс әлсіздеу, созылықшы шығуы мүмкін. Сонда оны басқа ракурсмен түсірілген кадрмен ауыстыра қояды.

Клип сценарийінде қосымша элементтерді ұмытпау керек. Роберт Хиллиард мұндай қосымша элементтің маңыздысы ретінде би көріністерін айтады.

Кейінгі уақытта режиссерлер клиптерді виртуалды шындыққа көшіре бастады. Бұл технологияның соңғы он жылдықта ересен дамығаны даусыз. Енді қайталанбас табиғат аясын, қымбат тұратын жиһаздарды іздеуден гөрі графикалық дизайнерлердің қиялына жүгіну көбейіпті.

Клиптерге қатысты дәріс соңында интернетте миллиондаған адам көретін Айсұлтан Сейітовтың жұмысын мысалға келтіруге болады. Ол американдық орындаушылар жұмыс істей бастағаны тың жетістіктерге жетті. Рэп пен хип-хоп орындаушыларын түсірген клиптері оған материалдық қана емес, моралдік табыс әкелгені даусыз. Міне дәрісіміздің музыкалық бейнекөріністерге арналған бөлігін отандасымызды мақтаумен бітірдік. Ары қарай өзіміздің ойларымызбен бөлісетін жиырма минутымыз және бар.

II.

Редакциялау кезінде логикаға көп мән беріледі. Өйткені, қазақ басылымдарындағы мақалалардың сөйлем дұрыс құрылмағандықтан логикалық жағынан түсініксіз болып кетеді. Мағыналар ауысады, мән



кетеді. Алдымен шағын мысалды келтіреміз.

Біз оны қазақ тіліндегі спорт комментаторының сөзінің ішінен алдық. Негізі спорт комментаторы болу өте қиын. Үлкен біліктілікті талап етеді. Екіншісінің қолынан ондай шеберлік келмейді. Және спорттық ойындар тікелей эфирде жүретіндіктен бұл журналист немесе спорт маманы үшін өте үлкен сын. Бұл жөнінде бұған дейін де айтып кеткенбіз. Енді сол спорт жарысын, анығында футболды көрсету кезіндегі бір сөйлемге тоқталып, логикалық жағынан кеткен қатені көрсетейік.

Сөйлем мынадай: «Футболшының берген пасы радиомен басқарылғандай дәл жетеді.» Спорт жарысына түсіндірме жасап отырған тілші осылай деді. Бұл бір қарағанда тың тосын теңеу екені даусыз. Неге тосын? Оны түсіндіру үшін бұдан елу жылдай бұрынғы қазақ әдебиетінде бір теңеу болғанын еске салғымыз келеді.

Алпысыншы жылдардың аяғында жазған өлеңдерінің бірінде ақын Ғафу Қайырбеков «Уақыт ашылмаған парашюттей зымырайды» деді. Әдебиеттің сырын білетін сыншылар бұл теңеуге жаппай қол соқты. Оның теңдессіз екенін мойындады. Өйткені бұрын жылдамдық жер бетіне параллель, яғни көлденең сипатта айтылып келді. Шапқан аттай деді. Соққан желдей деді. Қасым Аманжоловта «дауылдай өртке тиген өлеңімді» деген жол бар. Бұл да жер бетімен көлденең, параллель соққан дауыл ғой. «Ор қояндай орғытқан», «қабыландай қарғытқан» тұлпарлар да есте. «Батырлар жырларының» бәріндегі көрініс осылай еді. Ыбырай Алтынсарин атамызда «Таулардан өзен ағар арқырған, айнадай сәуле беріп жарқыраған» деген теңеуге бәтөлі шумақтарды мектепте жүргенде жаттап едік. Арқырап аққан өзеннің жылдамдығы да бәрібір жер бетімен өтеді.

Осындай жағдайда Ғафу Қайырбеков жылдамдықты алғаш тік жағдайда суреттеді. Ашылмаған парашют биіктен жер үстіне құлдйлап келе жатқандағы ересен жылдамдықты өлеңіне арқау етті. Дәлірек айтсақ өлеңнің бір жолында сондай теңеу пайдаланды. Мұның өзі бүкіл қазақ әдебиетін дүр сілкіндіріп, ерінбеген сыншының бәрі дәл осы жолды мақтады. Шынында мақтауға тұрарлық еді. Жылдамдықтың көлбеу түрін алғаш рет тік бағытта теңеді ғой.

Міне сол теңеу сияқты жоғарыда айтылған «радиомен басқарылғандай пас» өте керемет әсер етті. Жаңа уақыттағы технологияның көрінісін журналист футбол ойынна көшіріп әкелгендей әсер етті. Иә, балалардың бәрі радиомен басқарылатын ойыншық хойнап жүр. Жердегі автокөлік түріндегі ойыншықтарынан тікұшақ түріндегі ойыншықтарын түгел радиомен басқарады. Тіпті телевизия соңғы жылдары даладағы көріністерді негізінен дрон арқылы түсіруге көшті. Камера ілінген дронды да оператор бір жерде тұрып, радио арқылы басқарып жүр. Оның сәтті көріністері өте көп.

Басқасын айтпағанда 2019 жылы Маңғыстауда дрон арқылы түсірудің үлкен пайдасы болды. Үстірттегі небір жел мүжіген жартастардың бейнесін үстінен түсіріп, өзі тасада отырған оператор кенет үлкен көріністі байқады. Дронға ілінген камераның объективіне осы аймақта құрып кетті деп есептелетін эндемик тау ешкілері ілікті. Бұл өңірде тек муфлон, яғни Үстірт арқары жиі көрініс береді. Оны Қызыл кітапқа еңгізген, ату мен аулауға тыйым салынған. Ал мынау тіпті жоқ деп есептеліп Қызыл кітаптың өзіне түсірілмеген тау ешкісінің бір түрі еді. Егер оператор өзі камера арқалап барса, тау ешкілері оған көрінбей жықпыл-жықпылдың арасымен бой тасалап үркіп кетер еді. Дронның арқасында оларды цифрлы бейнеге түсіріп алу мүмкін болды.

Сөйтіп радиомен басқарылатын заттар қазір өте көп. Тіпті, Қытайдың Айдың арғы жағына түсірген Ай арбасы, Америка Құрама Штаттарының Марсқа апарып қойған Марс арбасы осы Жерден радио арқылы басқарылады. Берілген командаларды орындайды.

Осындай керемет жаңалықтар уақытында телеарнадағы спорт комментаторының «радиомен басқарылған пас» дегені оның сөз жоқ, табысы болып саналады. Бірақ дәл осы сөйлемде елеулі қате тұр. Оны аңғару үшін тағы бір рет тыңдап алыңыздар: «Футболшының берген пасы радиомен басқарылғандай дәл жетеді.»

Әдемі, сөйте тұра бір ақауы бары анық. Ал ақауы неде? Біз түрлі аудиториялар мен аймақтардағы журналистер арасында дәріс оқығанда тура осы сөйлемді алдарына көлденең тартып, қатесін табындар дейміз. Сонда бұл қатені қаламгер іні-қарындастарымыздың көпшілігі таба алмайды. Әбігерге түсіп, аяғында өзімізден сұрайды. Бұл сөйлемнің қатесі зат пен құбылысты шатастырып, логикалық жаңылысқанында. Өйткені, пас ұшпайды. Доп ұшады. Пас деген – әрекет, құбылыс. Оның ұшуы мүмкін емес. Доп болса – зат. Оның ұшуына еш күмән жоқ. Ендеше аталмыш теңеуді толықтырып, түзетіп қоямыз: «Футболшының пасқа берген добы радиомен басқарылғандай дәл жетеді.» Міне, көрдіңіздер ме, пас радиомен басқарылғандай дәл жетпейді, пасқа берген добы радиомен басқарылғандай дәл жетеді. Логикалық түзету арқасында тамаша теңеу өзінің нағыз мәніне ие болды.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Музыкалық бейнекөріністер. Қисыны келмеген сөз – қисық қаланған кірпіш
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Сөйлем жазғанда мағынасы ауысқанды тұстарды артынан редакциялап отырғанда дәл табудың оңай жолы бар. Ол үшін журналист өзінің әрбір сөйлемін басқа тілге аударып көрсін. Қандай тіл болса да бәрібір. Шет тілді білмесе ойдан өзі тіл шығарып алуына болады. Ең бастысы, сөйлем өзге тілге сол қалпы аударылмаса, ішінде бірденесі дұрыс емес. Не сөздері орнында тұрмаған, не мағынасы ауысқан. Өйткені дұрыс аударылмай тұр. Оған себеп дұрыс жазылмағандығында. Сөйтіп анықтап үйрену керек.

Бұған дейін де тілімізге тиек еткендей, Ғабит Мүсірепов жарықтық кезінде бір сөз бір сөзге жарығын ал, бір сөз бір сөзге көлеңкесін түсіріп тұратыны туралы ескерткен. Өкінішке орай, өз орнында тұрмағандықтан басқасына көлеңке түсіртін сөзді жиі байқаймыз. Енді осыны тауып, редакциялауды нақты мысалмен көрсетейік.

Бұл мысалды біз қазақ көрермендеріне белгілі тележурналистің әлеуметтік желідегі жазбасынан алдық. Автор талай жыл бойы бірнеше телевизиялық бағдарлама жүргізген. Сондықтан сөз жоқ тәжірибелі журналистер қатарында тұрады. Осыны ескеріп біз де атын көрсетпедік. Ал жазып отырған оқиғасы бүкіл Қазақстанға тіпті іргелес Қытайға мәлім. Мақала ол жаққа есірткі алып барды деген айыппен түрмеде түскен қазақ қызының тағдыры туралы.

Біз мақаланы талдамас бұрын мына жәйтті ескерте кетейік. Осы қыздың түрмеге түсуіне жанама түрде болса да ақпарат құралдары себепкер болуы мүмкін. Өйткені, есірткі тасымалдағаны үшін әлемде ең қатаң шаралар қолданылатыны телевизия эуранларында үнемі айтыла бермейді. Кейде айтылып та қалар, бірақ ол жиі-жиі құлаққа құйылмағандықтан жастардың көпшілігі одан хабарсыз. Қай елге есірткі апарса өлім жазасына кеседі, қай елдерде бұл басқа жолмен қатаң жазаланады, осыны ұдайы қайталып тұру керек. Бұл үшін әлеуметтік роликтер түсіріп, күнделікті айналдып көрсете беру қажет. Себебі, қазақ жастары қазір бүкіл әлемге білім қуалап, жұмыс іздеп аттанып жатыр. Солар алдын ала хабардар болса, Қытай әуежайында ұсталып қалған қарындасымыздай ауыр жағдайға ұшырамас еді.

Өкінішке қарай, есірткі тасымалдаудың ауыр салдары болары ақпарат құралдарында айтыла бермейді. Оның есесіне түрлі киноларда есірткі шегіп отырған көріністер бар. Бір де бір кинода есірткі тасығаны ұсталған, сосын лайықты жазаланған кейіпкер жоқ. Телевизия кейіпкерлеріне осындай жеңіл жолды, оңай рөлдерді беру арқылы сценаристер мен режиссерлер жастарды жеңіл өмірге үйретіп келеді.

Сонымен танымал журналистің Қытайға есірткі апарғанда ұсталып, ұзақ уақыт жазасын немесе Қазақстанның кері қайтарып алуын күтіп түрмеде отырған сіндісі туралы мақаласын талдаймыз. Бұл жерде біз үлкен, көлемді жазбаның бір бөлігін ғана мысалға алғанымызды ескертеміз. Бірақ үзінді тұтас бір кесек. Мақаланың әр жерінен іріктеп, кесіп алған жоқпыз. Сондықтан автор ойының логикалық тұтастығы сақталған. Бірақ сөйлемдерде сол логиканың жоқтығын анықтап береміз.

АВТОРЛЫҚ НҮСҚА: «Миллиондаған адамдар нашақорға тәуелді болғаны соншалық, Қытайдың ішкі саясатындағы жарияланбайтын құпияларды нашақорлар астыртын сыртқа шығарып отырды. Әсіресе неше түрлі діни ағымдар насихаттала бастады. Сауда-саттық тұралап қалғаны соншалық, күмістердің құны жоғалды. Есесіне ағылшындық наркобизнесмендердің дәурені басталды. Қаншама жастар есірткінің құрбаны болды. Отбасы жалғыз ұлдарынан айрылып, қан жұтты. Аяғы ауыр әйелдер де бұл ақша үшін апиындарды сата бастады.

1860 жылы Қытай императоры халқының құрдымға кетіп бара жатқанын көріп, қатты күйзелді. Қолдан келгенше күресуге барынша тырысты. Алайда, бұл кезде биліктегілер қауқарсыз еді. Тек 1949 жылдан бастап Қытай Халық Республикасы есірткіге қарсы күресті мықтап қолға алады. Миллиондаған халқынан қаншама ғасырлар айрылған Қытай Республикасы енді ешкімді аямады. Апиынды кіргізген контрабандаларды қатаң түрде жазалап, ең алғашқы өлім жазасын сол жылдары Заңға енгізді.

Неше күннен бері не үшін Қытайдағы «Апиын соғысын» жаздым? Тырнақ астынан кір іздегендер «Қытайда нең бар?» дейді. Оның инстадағы достарыма қатысы жоқ. Жауабым: Ол жақта осы есірткімен ұсталған, небәрі жиырма жастағы Ақжарқын бар. Қаракөз қызымыз қысық көздердің абақтысында екі көзі төрт болып отыр. Дәрменсіз қызымыз өмірінің соңына дейін абақтыда отырады...

Қытай ақшаға сатып ала салатын біздің ел, әлде Ресей емес. Олар сан ғасыр осы апиын соғысымен күресіп келеді. Қайта біздің қызымыздың жазасын жеңілдетіпті. Әйтпесе, басқа мемлекеттің азаматтарын аяп жатқан жоқ. Есірткі тасымалдаушылардың алатын жазасы — Өлім!

«Баламның табанына кірген жантақ, менің маңдайыма қадалсын» деп жүрген Ананы елестетемін де, қайтып айналып Ақжарқынды қаузап беремін». Үзіндінің соңы.

Ал енді БІЗДІҢ РЕДАКЦИЯЛАУЫМЫЗ басталады. Алысқа ұзамай бірінші сөйлемді қарастырайық: «Миллиондаған адамдар нашақорға тәуелді болғаны соншалық, Қытайдың ішкі саясатындағы жарияланбайтын құпияларды нашақорлар астыртын сыртқа шығарып отырды.» Бұл жерде «Миллиондаған



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Музыкалық бейнекөріністер. Қисыны келмеген сөз – қисық қаланған кірпіш
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

адамдар» деп емес, «миллиондаған адам» деп жазу керек. Алдына сан есімнен жасалған анықтауыш тұрған зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. «Жүздеген гектар», «мың жыл», «қырық бір құмалақ» дегендей болып жазылуы керек. Қазақ ешқашан «қырық бір құмалақтар» дегенге ғой. Себебі нақты сан тұрғандықтан құмалаққа көптік жалғауын қоспаған. Жазушылардың көркем кітаптарына жүгінсек, «Балгер пісімілләсін айтып, алдындағы ақ жаймаға қырық бір құмалақты шашып жіберді» деп жазылған. Мұнда құмалақ көпше емес, жекеше жазылыпты. Ал келесі бір көркем әдебиеттен: «Құмды далада бошалаған түйенің құмалақтары шашылып жатыр» дегенді оқимыз. Мұнда құмалақтар көпше жазылған. Себебі нақты саны көрсетілмеген. Түсіндік пе. Сол сияқты сан көрсетілген соң «миллиондаған адамдар» емес, оны «миллиондаған адам» деп редакциялап береміз.

Осы сөйлемді әрі қалай оқиық. Келесі тіркесі не дейді екен: «Миллиондаған адамдар нашақорға тәуелді болғаны соншалық...» Бұған қарағанда миллиондаған адамды бір нашақор кісі ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап тұрған сияқты. Ондай нарко барон әлемде жоқтығы белгілі. Тіпті, Латын Америкасының Колумбия сынды елдеріндегі атақты есірткі мафиясының серкелерінің өзі миллиондарды тәуелді етіп отырған жоқ. Ауғанстанда апиын өсіретіндердің нақты аты белгісіз, арасында миллиондарды өзіне тәуелді етті дейтін біреуі де болмайды. Өйткені бұл – астыртын бизнес. Көзге түскені ұсталады, сотталады. Сонда автордың айтайын дегені, шын мәнінде миллиондаған адамның нашаға тәуелді болып қалғаны ғой. Бұл жерде сол баяғы логиканы ұмытудан қате кеткен. Мақалада жанды адам мен жансыз заттың орны алмасқан. Демек, «нашақорға» емес, «нашаға тәуелді болғаны соншалық» деген дұрыс. Солай деп түзетіп қоямыз да, ары қарай көз саламыз.

Екінші сөйлемде «әсіресе» деген шылаудан кейін үтір қойылады. Бізде мақала мен сценарий жазатындар шылауды шектен тыс көп пайдаланады. Негізі шылау ауызша сөйлегенде көп айтылады. Ол түсінікті. Сөйлеуші сөз арасын «әрине», «иә», «мәселен», «содан соң», «айтпақшы» деген сияқты сансыз шылаулармен жалғасытырып отырады. Ал мақала жазғанда шылауды жөнді-жөнсіз қыстыру бар болғаны көмелі көбейтеді. Бірақ оны автордың артық су сияқты дәмсіз қолданғаны бірден байқалады. Мәтінге келсек, сөйлемнің мағынасына қарағанда бұл сөз артық тұр, қысқарта салған жөн екен.

Ары қарай зер салып оқуды жалғастырамыз: автордың үшінші сөйлемі былай екен: «Сауда-саттық тұралап қалғаны соншалық, күмістердің құны жоғалды.» Мұнда «соншалық» сөзінен қашу керек еді. Өйткені, бірер сөйлем бұрын кездеседі. Жалпы бір сөзді мәтінде бір рет қана пайдаланса, ол автордың нағыз шеберлігін көрсетер еді. Әрине, тақырыпқа орай қажетті атау сөздер болады. Мына мақалада «есірткі» сөзі жиі кездеспек. Өйткені соның төңірегінде әңгіме болып жатыр. Ал нақты тақырыпқа қатыссыз сөздерді бір-бір реттен қолдану, екінші жолы оның синонимін табу, әйтпесе сол мағыналас сөзбен ауыстыру – өте ескеретін мәселе. Бұл сөйлемді әрі қарай тексереміз. «Күмістердің құны» емес, «күмістің құны» деп дұрыстап жазып қоямыз. Қазақта «ауа», «топырақ», «алтын», «күміс», «астық», «бидай», «күріш», «жер», «су» сияқты тағы басқа ондаған көптік жалғауы жалғанбайтын сөздер бар. Мұны әрдайым есте ұстаған жөн. Аталарымыздың мақалын еске салайық: «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» демей ме! «Алтындар мен күмістер», «арпалар мен бидайлар» дегенге ғой. Осы ретте ескерте кетейік, кейін тілімізге еңген «техника» сөзіне де көптік жалғауы жалғанбайды. Ал біздегі теле сюжетте күллі журналист «техникалар сатып алды», «ораққа қатысатын техникалар жөнделді» деп айта береді. Бұл да қате.

Егер мына мәтінде автор «күміс заттардың құны» немесе «күміс бұйымдардың құны» десе, онда көптік жалғауын екінші сөзге жалғай беруге болады. Күміске жалғанбайтын көптік жалғауы заттарға немесе бұйымдарға болып жазылып, оның шынында көп екенін көрсетпек. Тілдің осындай құпиялары бар. Оны меңгере білу керек.

«Отбасы жалғыз ұлдарынан айрылып, қан жұтты» деген сөйлем «отбасылар жалғыз ұлынан айрылып, қан жұтты» деп редакцияланады. Себебі, әңгіме бір отбасы туралы емес, бүкіл ел жайында. Керісінше, ары қарайғы мәтінде «жалғыз ұл» болып жөнделуі керек. Мына автор жалғыз ұлдар деп жазыпты. Бұл тұста ешқашан «ұлдар» емес. Жалғыз болса, ол қалай көп болмақ?

Одан кейінгі сөйлем: «Аяғы ауыр әйелдер де бұл ақша үшін апиындарды сата бастады.» Апиынға да көптік жалғауы жалғанбайды. Көрдiңiздер ме, автор қайта-қайта көптік жалғауы жалғанбайтын жерге оны әкеліп тықпалай берген. Қазақ «құмдар» демейді, «құм» дейді. «Тастар» демейді, «тас» дейді. Мақалдың өзін қараңыз: «Құл жиналып бас болмас, құм жиналып тас болмас.» Бір тасты құрау үшін көп құм керегі ұғынықты. Сөйте тұры оны «құмдар» дегенге баба қазақ. Апиын да сол сияқты. Көп болса да көптік жалғауынсыз жазылады.

Осы жердегі мәтінде «бұл» сөзі артық. Өйткені, оқырманның назары белгілі бір ақшаға емес, апиынға аударылған. «Да» шылауы еш қиналмай қысқартуға болар. Сонда редакцияланған нұсқасы: «Аяғы ауыр



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Музыкалық бейнекөріністер. Қисыны келмеген сөз – қисық қаланған кірпіш
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

әйелдер ақша үшін апиын сата бастады.»

Тағы бір сөйлем мынадай: «Миллиондаған халқынан қаншама ғасырлар айрылған Қытай Республикасы енді ешкімді аямады.» Алдымен, сөз тіркестері өз орындарында тұрған жоқ. Баяғы пойыздың вагондарын реттеп алу тәсілін қолданамыз. Сөйтіп вагондарды, яғни сөздерді орындарына қойып шыққанда мәтін былай түзіледі: «Қаншама ғасырларда миллиондаған халқынан айрылған Қытай Республикасы енді ешкімді аямады» деуге болады. Бірақ, біз үзіндіге салмаған мақаланың ең басында: «1795-1838 жылдары Қытайға ағылшындық «варварлар» 450 мың жәшік, яғни 27 мың тонна есірткі алып келеді» деген дерек тұрғанын ескергенде, «қаншама ғасырлар» деу қисынсыз. Нақтылап жазғанда «бір жарым ғасырда». Бір жарым ғасырыңыз ешқашан қаншама ғасырлар бола қоймайды.

Келесі сөйлем: «Апиынды кіргізген контрабандаларды қатаң түрде жазалап, ең алғашқы өлім жазасын сол жылдары Заңға енгізді.» Апиынның өзі – контрабанда. Сонда «контрабанданы кіргізген контрабандалар» болып тұр ғой. Міне тағы автордың логикалық қателесуі. Бір ұғымға сол тектес ұғымды тықпалауы. Бұл әсте жазу үстінде ойланбағанды, одан кейін дұрыстап редакцияламағанды байқатады.

Әрі жалғастырып оқысақ, «контрабандаларды қатаң түрде жазалап» дейді. Контрабанда – зат емес пе, затты қалай жазаламақ? Тағы да логикалық қателесу орын алған. Дұрысы: «контрабандашыларды» шығар. Бұл құрмалас сөйлемнің екінші бөлігі де оңып тұрған жоқ: «ең алғашқы өлім жазасын сол жылдары Заңға енгізді» дегенге қарағанда әрбір өлім жазасы үшін жеке-жеке заң шығарылатын сияқты. Айтайын дегені – сол жылдары Заңға алғаш өлім жазасының енгізілгені. Онда да апиын контрабандасы үшін. Қытайда өлім жазасы мыңдаған жылдардан бері бар емес пе. Демек, бұл құрмалас сөйлемнің етек-жеңін жинақтап, бір сөйлемге айналдырғанда былай болып шығады: «Апиынды кіргізген контрабандашыларды қатаң түрде жазалау үшін сол жылдары алғаш заңға өлім жазасы енгізілді.» Байқадыңыздар ма, сөйлем соңындағы етістік бастапқы нұсқадағы «енгізді» емес, «енгізілді» болып редакцияланды. Өйткені, «енгізді» деген етістік тұрса, оны еңгізген зат есім де жазылуы тиіс. «Билік» немесе «император» дегендей. Сосын «заң» сөзі әрдайым кіші әріппен жазылады.

Әрі қарай кеттік. «Қаракөз қызымыз қысық көздердің абақтысында екі көзі төрт болып отыр.» Бір сөйлемдегі үш рет келетін «көз» сөзі тым артық. Салыстыру, шендестіру үшін бірін «қаракөз» екіншісін «қысықкөз» деп жазуға болар-ау, бірақ мақсатымыз Ақжарқынды елге алып келу болса, қытайлықтарды мысқылдаудан тартыну керек-ақ. «Қаракөзді» қосып жазғанда «қысықкөзді» бөліп жазу қисынға сыймайды. Жалпы қазақ журналистері өздеріне алыс, нақты қатысы жоқ ұлттарды мысқылдай салады. Орысты жиі аюға теңеу, қытайды қысықкөз дей беру этикаға жатпайды. Күндердің күнінде мұндай журналистер үшін дипломаттар жауап беруі мүмкін. Халықаралық қатынастар өте шетін мәселе. Онда ұсақ-түйек болмайды. Соны да ескеру керек.

Одан әрі оқиық: «Олар сан ғасыр осы апиын соғысымен күресіп келеді.» Соғыспен қалай күреседі екен? Анығы «апиынмен соғысып келеді» немесе «апиынмен күресіп келеді» шығар деп топшылаймыз.

«Есірткі тасымалдаушылардың алатын жазасы — Өлім!» Өте күшті сөйлем. Сызықшасы да, леп белгісі де орнында. Тек «өлім» сөзі манағы «заң» сияқты кіші әріппен жазылады. Тіл заңы да баршаға ортақ.

Үзіндідегі соңғы сөйлем: «Баламның табанына кірген жантақ, менің маңдайыма қадалсын» деп жүрген Ананы елестетемін де, қайтып айналып Ақжарқынды қауза беремін».

Тұрақты тіркестердегі сөздерді өзгертуге болмайды. Дұрысы – «жантақ» емес, «тікен». Оны кейде жерде «шөңге» дейтін болар, қалайда «жантақ» емес. Жантақ – шөп, табанға оның немесе басқа өсімдіктің тікені кіреді. «Елестетемін» деген етістік жазылған соң оның алдына «ойыма» немесе «көз алдыма» дегендей пысықтауыштың бірі тұруы тиіс. Мына қалпында сөйлем жартыкеш болып қалған. «Қайтып айналып» дегенді «қайта айналып» деп қырпап қою керек. Ақыр аяғында автордың «Ақжарқынды қауза беремін» дегені қисынсыздау. Егер Ақжарқын қасында отырса, оны қауза беруді бірден етіп санаға сыйғызуға болар. Бұл жерде автор «Ақжарқын тақырыбын қауза береді». Солай!

Он алтыншы сабақты пысықтау:

Журналистер зат пен құбылысты үнемі шатастырып алады, затқа тән етістіктерді құбылысқа қолданып жатады.

Ақпарат құралдарында есірткі тасымалдаушыларды түрлі елде ауыр жаза күтетіні айтылмайды, есесіне есірткі тұтынған көріністер еркін көрсетіледі.

Қазақ тілінде көптеген сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды.